- пролактинге тәуелді ісігі немесе оған күмәні болғанда, мысалы, гипофиздің пролактинді секрециялайтын аденомасында және сүт безі обырында

- циталопрам, эциталопрам, домперидон, гидроксизин, пиперахинмен, дофаминнің паркинсонға қарсы емес агонистерімен (каберголин, хинаголид) бірге қабылдау.

Қолдану кезіндегі қажетті сақтандыру шаралары

Қатерлі нейролептикалық синдром

Басқа нейролептиктерді пайдалану кезіндегідей, Солерон препаратымен емделу кезінде гипертермиямен, бұлшықеттер сіресуімен, шеткері жүйке жүйесінің дисфункциясымен, қан сарысуында креатинфосфокиназа деңгейінің жоғарылауымен сипатталатын қатерлі нейролептикалық синдром дамуы мүмкін (өлімге ұшырататын зярдаптарға әкелуі мүмкін). Гипотермия дамуында, әсіресе, жоғары дозаларда қолдану кезінде, Солерон препаратын қоса, психозға қарсы барлық препараттар тоқтатылуы тиіс.

QT аралығының ұзаруы

Амисульприд ЭКГ-да QT аралығының дозаға тәуелді ұзаруын туындатуы мүмкін, бұл *torsades de pointes* типті қауіпті қарыншалық аритмиялардың пайда болу қаупін арттырады. Қауіпті қарыншалық аритмиялардың даму қаупі брадикардия, гипокалиемия, QT аралығының туа біткен немесе жүре пайда болған ұзару синдромы жағдайында жоғарылайды (QT аралығын ұзартатын препараттармен біріктірілімі).

Егер клиникалық жағдай мүмкіндік берсе, препаратты қолдануға дейін осы ырғақ бұзылуларының: минутына 55 рет соғудан аз брадикардияның, электролиттік теңгерім бұзылуының, гипокалиемияның, QT аралығының туа біткен ұзаруының, айқын брадикардияны тудыруға (минутына < 55 рет соғу) қабілетті препараттарды бір мезгілде қолданудың, гипокалиемияның, жүрекшілік өткізгіштік баяулауының немесе QT аралығы ұзаруының дамуына ықпал ететін факторлардың болмауына көз жеткізу ұсынылады. Нейролептиктермен ұзақ уақыт емдеу қажет болатын пациенттерге оларды тағайындауға дейін ЭКГ-зерттеу жүргізуге кеңес беріледі.

Инсульт

Решение: N058387

Дата решения: 23.11.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Кейбір атипті антипсихотиктермен емделген деменция бар егде жастағы пациенттерде инсульт дамуының жоғары қаупі байқалады деген деректері бар. Қауіптің осылай арту механизмі белгісіз. Пациенттердің басқа қауымдары үшін де психозға қарсы басқа дәрілік заттармен байланысты жоғары қауіптің болуы жоққа шығарылмайды. Пациенттерде ми инсультінің қауіп факторы болған жағдайда бұл дәрілік препаратты абайлап қолдану керек.

Деменция бар егде жастағы пациенттер

Деменциямен байланысты психоздан зардап шегіп және психозға қарсы дәрілер қабылдап жүрген егде жастағы пациенттерде өліммен аяқталу қаупі артады.

Көбінесе психозға қарсы атипті дәрілер қабылдаған пациенттердің қатысуымен жүргізілген плацебо-бақыланатын 17 клиникалық зерттеуді (орташа ұзақтығы - 10 апта) талдау осы дәрілік препараттармен емделген пациенттерде, плацебомен салыстырғанда, өліммен аяқталу қаупінің 1,6 - 1,7 есе артуын көрсетті. Орта есеппен 10 аптаға созылған емдеуден кейін дәрілік заттар қабылдаған пациенттерде өліммен аяқталу қаупі, плацебо тобындағы 2,6 %-бен салыстырғанда, 4,5 % құрады.

Психозға қарсы атипті дәрілермен жүргізілген клиникалық зерттеулер кезінде өліммен аяқталу себептері әртүрлі болса да, өлім жағдайларының көпшілігін кардиоваскулярлық (мысалы, жүрек жеткіліксіздігі, кенет өліммен аяқталу) немесе инфекциялық (мысалы, пневмония) себептер тудырды. Обсервациялық зерттеулер психозға қарсы дәстүрлі дәрілердің, психозға қарсы атипті дәрілер сияқты, өлімге ұшырауды арттыруы мүмкін екенін көрсетеді. Психозға қарсы дәрілер мен пациент организмi ерекшеліктерінің өлімге ұшырауды арттырудағы рөлі түсініксіз күйде қалды.

Вена тромбозы

Психозға қарсы дәрілерді қолдану кезіндегідей вена тромбозы (ВТЭ) жағдайлары тіркелді. Психозға қарсы дәрілер қабылдап жүрген пациенттерде жүре пайда болған ВТЭ қауіп факторлары жиі болатындықтан, Солерон препаратымен емдеуді бастар алдында немесе осылай емдеу аясында болжамды ВТЭ қауіп факторларын анықтау және алдын ала сақтандыру шараларын қолдану керек.

Гипергликемия/метаболизмдік синдром

Амисульпридті қоса, психозға қарсы кейбір атипті дәрілермен ем қабылдаған пациенттерде гипергликемия немесе глюкозаға төзімділік

Решение: N058387

Дата решения: 23.11.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

бұзылулары, қант диабетінің даму немесе өршу жағдайлары мәлімделді. Солерон препаратын қолдану кезінде қандағы қант деңгейін бақылау мақсатында қант диабеті немесе диабеттің қауіп факторлары бар пациенттерге клиникалық және зертханалық мониторинг өткізу қажет. Қант диабетімен немесе қант диабетін дамытатын қауіп факторлары бар пациенттерге ерекше назар аудару керек.

Құрысулар

Амисульприд құрысу шегін төмендетуі мүмкін, сондықтан Солерон препаратын қабылдап жүрген анамнезінде құрысулары бар пациенттерді мұқият қадағалау қажет.

Пациенттердің ерекше топтары

Амисульприд шығарылуы бүйрек арқылы жүзеге асатындықтан, бүйрек функциясының бұзылуында дозаны азайту немесе басқа ем жүргізу мүмкіндігін қарастыру қажет. Бүйрек жеткіліксіздігі ауыр пациенттерге қатысты деректер жоқ.

Егде жастағы пациенттерде Солерон препаратын, басқа да нейрорептиктиктер сияқты, артериялық гипотензияның немесе тыныштану әсерінің даму қаупіне орай ерекше сақтықпен қолдану керек. Осындай пациенттер үшін, бүйрек функциясының бұзылуы салдарынан, препарат дозасын азайту қажет болуы мүмкін.

Паркинсон ауруында Солерон препаратын, ол ауру ағымының нашарлауына әкелуі мүмкін екендіктен, ерекше сақтықпен қолдану қажет. Амисульприд нейрорептиктиктермен емделмеу мүмкін болмаса ғана қолданылу керек.

Гиперпролактинемия

Амисульприд пролактин деңгейін арттыруы мүмкін. Гиперпролактинемия және/немесе болжамды пролактинге тәуелді ісігі бар пациенттер амисульпридпен емдеу кезінде мұқият қадағалауда болуы тиіс.

Қатерсіз гипофиз ісігі

Амисульприд пролактин деңгейін арттыруы мүмкін. Амисульпридпен емдеу кезінде пролактинома сияқты гипофиздің қатерсіз ісіктерінің жағдайлары хабарланды. Проллактиннің өте жоғары деңгейлері немесе гипофиз ісігінің клиникалық белгілері болғанда (көру өрісінің ақаулары және бас ауыру сияқты) гипофиз күйін бағалау үшін визуализация тексерулерін орындау қажет. Егер гипофиз ісігі диагнозы расталса, амисульпридпен емдеуді тоқтату қажет.

Гепатоциттылық

Решение: N058387

Дата решения: 23.11.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Амисульпридпен емдеу кезінде ауыр гепатоуытты реакциялар жағдайлары мәлімделді. Пациенттер астения, тәбет болмауы, жүрек айну, құсу, іштің ауыруы, сарғаю сияқты бауырдың қандай да бір зақымдану белгілері пайда болған жағдайда дереу дәрігерге қаралу керектінен хабардар болуы тиіс. Тексеруді, оның ішінде бауыр функциясының көрсеткіштерін клиникалық бағалау мен анықтауды дереу жүргізу қажет.

Басқалары

Антипсихотиктерді, оның ішінде амисульпридті қолдану кезінде лейкопения, нейтропения, агранулоцитоз дамуы мәлімделді. Дене температурасының көтерілуі немесе этиологиясы анықталмаған инфекциялар жасушалық қан құрамының патологиялық өзгерістерін айғақтай алады және дереу гемтологиялық зерттеуді талап етеді.

Солерон препаратын алкогольмен, паркинсонға қарсы дофаминергиялық дәрілермен, *torsades de pointes* өршуін тудыруға қабілетті паразитке қарсы дәрілермен, метадон, леводопа, басқа нейролептиктермен немесе *torsades de pointes* өршуіне түрткі болатын препараттармен, натрий оксибутиратымен және гидроксихлорохинмен қолдану ұсынылмайды.

Лактоза мөлшері

Препарат құрамында лактоза бар, сондықтан лактаза жеткіліксіздігі, галактоземия немесе глюкоза немесе галактоза сіңуінің бұзылу синдромы бар пациенттерге қолдануға ұсынылмайды.

Натрий мөлшері

Препарат құрамында 30 мг немесе 60 мг натрий кроскармеллозасы бар (Солерон 100 мг немесе Солерон 200 мг дәрілік затын дозалауға сәйкес). Оны натрий-бақыланатын диетаны қолданатын пациенттер үшін натрий тұтынудың тәуліктік нормасын есептеу кезінде ескеру қажет.

Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі

Тыныштандыратын дәрілер

Көптеген дәрілік препараттар немесе субстанциялардың орталық жүйке жүйесін аддитивті бәсеңдету әсерлеріне себеп болуы және зейін қоюды төмендетуге ықпал етуі мүмкін екенін ескеру қажет. Осы препараттарға морфин туындылары (анальгетиктер, жөтелге қарсы дәрілер және есірткіге тәуелділікті алмастыратын ем дәрілері), нейролептиктер, барбитураттар, бензодиазепиндер, бензодиазепиндік емес анксиолитиктер (мепробамат сияқты), ұйықтататын, тыныштандыратын антидепрессанттар (амитриптилин, доксепин, миансерин, миртазапин, тримипрамин),

Решение: N058387

Дата решения: 23.11.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

тыныштандыратын H₁-антигистаминдік дәрілер, орталық әсер ететін гипертензияға қарсы дәрілер, баклофен және талидомид жатады.

Torsades de pointes туындатуға қабілетті дәрілік препараттар

Бұл жүрек ырғағының күрделі бұзылуын аритмияға қарсы бірқатар дәрілер және басқа дәрілік препараттар туындатуы мүмкін. Гипокалиемия брадикардия және QT аралығының туа біткен немесе жүре пайда болған ұзаруы сияқты ықпал ететін қауіп факторы болып табылады. Бұл, әсіресе, аритмияға қарсы Ia және III класс дәрілеріне, сондай-ақ кейбір нейролептиктерге қатысты. Бұл әсер осы кластарға жатпайтын басқа қосылыстармен де индукцияланады.

Доласетрон, эритромицин, спирамицин және винкаминге қатыстысы, бұл өзара әрекеттесу вена ішіне енгізуге арналған дәрілік түрлерге ғана тән болады.

Torsades de pointes туындатуы мүмкін екі дәрілік препаратты бір мезгілде қолдану қарсы көрсетілімді.

Метадон және препараттардың кейбір қосалқы кластары бұған қосылмайды:

- паразитке қарсы дәрілер (галофантрин, люмефантрин, пентамидин) *torsades de pointes* туындатуы мүмкін басқа дәрілік препараттармен біріктірілімде ғана ұсынылмайды;
- *torsades de pointes* түрткі болатын нейролептиктер де ұсынылмайды, бірақ *torsades de pointes* туындатуы мүмкін басқа дәрілік препараттармен біріктірілімде қолдану қарсы көрсетілімді емес.

Алайда, осы ерекшеліктерге циталопрам, эскиталопрам, домперидон, гидроксизин және пиперахин қатыссыз, сондықтан да оларды *torsades de pointes* индукциялауы мүмкін барлық препаратпен бірге қолдану қарсы көрсетілімді.

Қарсы көрсетілімді біріктірілімдер

Паркинсон ауруына қарсы агонистерді (каберголин, хинаголид, ротиготин) қоспағанда, дофамин агонистері

Дофамин агонистері мен нейролептиктер әсерлерінің өзара антагонизмі.

Циталопрам, эскиталопрам, домперидон, гидроксизин, пиперахин

Қарыншалық аритмиялардың, әсіресе, *torsades de pointes* даму қаупінің артуы.

Ұсынылмайтын біріктірілімдер

Torsades de pointes туындатуға қабілетті паразитке қарсы дәрілер (*хлорохин, галофантрин, люмефантрин, пентамидин*)

Решение: N058387

Дата решения: 23.11.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Қарыншалық аритмиялар, атап айтқанда, *torsades de pointes* қаупінің жоғары болуы. Егер бұл мүмкін болса, дәрілердің біреуін тоқтату қажет. Егер бұл біріктірілімді қолданбау мүмкін болмаса, емдеу басталуына дейін ЭКГ-да QT аралығының ұзақтығын анықтау керек, емдеуді ЭКГ бақылауымен жүргізген жөн.

Паркинсон ауруына қарсы дофаминергиялық дәрілер (амантадин, апомофин, бромокриптин, энтакапон, лизурид, перголид, пирибедил, прамипексол, разагилин, ропинирол, ротиготин, селегилин, толкапон)

Дофамин агонистері мен нейролептиктер әсерлерінің өзара антагонизмі. Дофамин агонистері психоздық бұзылуларға түрткі болуы немесе оларды күшейтуі мүмкін. Паркинсон ауруынан зардап шегіп және дофамин агонистерін қабылдап жүрген пациентке нейролептикті қолданған жағдайда дофамин агонистерінің дозасын біртіндеп азайту, ал одан кейін препаратты қолдануды тоқтату қажет (дофаминергиялық препараттарды кенет тоқтату қатерлі нейролептикалық синдром дамуымен қатер төндіреді).

Torsades de pointes индукциялауы мүмкін басқа дәрілік препараттар: аритмияға қарсы IA класс препараттары (хинидин, гидрохинидин, дизопирамид) және аритмияға қарсы III класс препараттары (амиодарон, дронедазон, соталол, дофетилид, ибутилид), сондай-ақ мышьяк қосылыстары сияқты басқа препараттар, дифеманил, венаішілік доласетрон, эритромицин, левофлоксацин, мехитазин, мизоластин, прукалоприд, венаішілік винкамин, моксифлоксацин, венаішілік спирамицин, вандетаниб, торемифен. Қарыншалық аритмиялар, атап айтқанда, *torsades de pointes* қаупінің жоғары болуы.

Torsades de pointes тудыруы мүмкін басқа нейролептиктер: (хлорпромазин, циамемазин, дроперидол, флупентиксол, флуфеназин, галоперидол, левопромазин, тимозид, пипамперон, пипотиазин, сульпирид, сультоприд, тианприд, зуклопентиксол)

Қарыншалық аритмиялардың, атап айтқанда, *torsades de pointes* қаупі жоғары болады.

Леводопа

Леводопа мен нейролептиктер әсерлерінің өзара антагонизмі. Паркинсон ауруы бар пациенттер осы препараттардың әрқайсысының ең төмен тиімді дозаларын қолдану керек.

Метадон

Қарыншалық аритмиялар, атап айтқанда, *torsades de pointes* қаупі жоғары болады.

Решение: N058387

Дата решения: 23.11.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Натрий оксибутираты

Орталық жүйке жүйесінің бәсеңдеуін күшейту. Зейін қоюдың төмендеуі көлік құралдарын басқару және басқа механизмдермен жұмыс істеу кезінде қауіптілікке әкелуі мүмкін.

Гидрохлорохин

Қарыншалық аритмиялардың, әсіресе, *torsades de pointes* даму қаупінің жоғары болуы.

Қолдану сақтығын талап ететін біріктірілімдер

Анагрелид

Қарыншалық аритмияның, әсіресе, *torsades de pointes* туындау қаупінің жоғары болуы. Осы препаратты бір мезгілде қолдану кезінде клиникалық және ЭКГ бақылауы керек.

Азитромицин, кларитромицин, ципрофлоксацин, левофлоксацин, норфлоксацин, рокситромицин

Қарыншалық аритмиялардың, әсіресе, *torsades de pointes* даму қаупінің артуы. Осы препараттарды бір мезгілде қолдану кезінде клиникалық және ЭКГ-бақылау қажет.

Жүрек жеткіліксіздігі кезіндегі бета-блокаторлар: бисопролол, карведилол, метопролол, небиволол

Қарыншалық аритмиялар, атап айтқанда, *torsades de pointes* қаупінің жоғары болуы. Бұдан бөлек, тамыр кеңейтетін әсері және артериялық, әсіресе ортостаздық (аддитивті әсер) гипотензияның пайда болу қаупі бар. Клиникалық және ЭКГ-бақылау қажет.

Брадикардияны туындататын препараттар (аритмияға қарсы IA класс препараттары, бета-блокаторлар, аритмияға қарсы кейбір III класс препараттары; оймақгүл препараттары, пилокарпин, холинэстераза тежегіштері)

Қарыншалық аритмиялар, әсіресе, *torsades de pointes* пайда болу қаупін арттырады. Клиникалық және ЭКГ-бақылау қажет.

Гипокалиемию туындатуы мүмкін препараттар: калийді шығаратын диуретиктер, өз бетінше немесе біріктірілімде, стимуляциялайтын іш жүргізгіш дәрілер, венаішілік B амфотерицинді, глюкокортикоидтар, тетракосактидтер

Қарыншалық аритмиялардың, әсіресе, *torsades de pointes* пайда болу қаупін арттырады. Гипокалиемию препаратты қолдану басталғанша түзетілу қажет. Электролиттік теңгерімді, ЭКГ, пациент жай-күйін бақылау қажет.

Литий

Решение: N058387

Дата решения: 23.11.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Қатерлі нейрорептикалық синдромды немесе литиймен улануды көрсететін нейрорептикалық белгілер қауіпсіз. Жүйелі клиникалық бақылау және зертханалық талдаулардың көрсеткіштерін бақылау, әсіресе, осы препараттарды бір мезгілде қолданудың басында көрсетілген.

Ондансетрон

Қарыншалық аритмиялардың, әсіресе, *torsades de pointes* туындау қаупінің жоғары болуы. Осы препаратты бір мезгілде қолдану кезінде клиникалық және ЭКГ-бақылау керек.

Назар аудару керек біріктірілімдер

Басқа да тыныштандыратын дәрілер

ОЖЖ бәсеңдеуін күшейтеді. Зейін қою қабілетінің бұзылуы автокөлік басқаруға және механизмдермен жұмыс істеуге қауіпті болуы мүмкін.

Орлистат

Орлистатты бір мезгілде қолдану кезінде емдік әсерінің төмендеуі қауіпсіз.

Алкоголь (сусын ретінде немесе қосымша заттар құрамында)

Алкоголь нейрорептиктердің тыныштандыру әсерін күшейтеді. Зейін қоюдың төмендеуі автокөлік басқаруды және басқа механизмдермен жұмыс істеуді қауіпті етуі мүмкін. Алкоголь тұтынудан және дәрілік препараттарды қолданудан аулақ болу қажет.

Арнайы сақтандырулар

Педиатрияда қолдану

Амисульпридті 15-тен 18 жасқа дейінгі балаларды емдеу үшін қолдану қауіпсіздігі мен тиімділігі анықталмаған; шизофрениямен жасөспірімдерге амисульпридті қолдануға қатысты деректер шектеулі. Сондықтан амисульпридті 15-тен 18 жасқа дейінгі балаларға қолдану ұсынылмайды, 15 жасқа дейінгі балаларға қарсы көрсетілімді.

Жүктілік немесе лактация кезінде

Амисульпридті жүктілік кезеңінде қолдану жөнінде клиникалық деректер шектеулі. Тиісінше, оны жүктілік кезеңінде қолдану қауіпсіздігі анықталмаған. Амисульприд плацента арқылы өтеді. Клиникаға дейінгі зерттеулер ұрпақ өрбіту қабілетіне уыттылығын көрсетті. Амисульприд қолданудың пайдасы қаупінен асып кететін жағдайларды қоспағанда, жүкті және тиімді контрацепция әдістерін пайдаланбайтын ұрпақ өрбіту жасындағы әйелдерге оны қолдану ұсынылмайды. Жүктіліктің III триместрінде қолданғанда жаңа туған нәрестелерде экстрапирамидалық симптомдар және/немесе тоқтату синдромы сияқты жағымсыз реакциялар туындауы мүмкін, олар ауырлық дәрежесі және ұзақтығы бойынша әртүрлі

Решение: N058387

Дата решения: 23.11.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

болуы мүмкін. Ажитация, гипертония, гипотония, тремор, ұйқышылдық, респираторлық дистресс-синдром немесе қоректендіру кезіндегі қиындықтар сияқты жағымсыз реакциялар мәлімделді. Осыған байланысты, жаңа туған нәрестелердің жай-күйін мұқият мониторингтеу қажет.

Кейбір жағдайларда амисульприд ананың салмағын ескере отырып, түзетілген дозаның қабылданған 10 % шамасынан асып кететін барынша үлкен мөлшерде емшек сүтіне бөлінеді, бірақ емшектегі балалардың қанындағы концентрациясы бағаланбаған. Жаңа туған нәрестелерге/сәбилерге амисульприд әсері туралы ақпарат жеткіліксіз. Сәби үшін емшекпен қоректену пайдасы мен әйел үшін емнің пайдасын ескере отырып, емізуді тоқтату немесе амисульпридпен емдеуден бас тарту шешімін қабылдау қажет.

Дәрілік препараттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Препарат ұйқышылдық туғызуы мүмкін, соның нәтижесінде автокөлік құралдарын басқару немесе қауіпті механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне нұқсан келуі мүмкін.

Қолдану жөніндегі нұсқаулар

Дозалау режимі

Жедел психоз көріністерінде

Амисульпридті бірнеше күн бойы бұлшықет ішіне енгізуден бастауға болады (тиісті дәрілік түрінде) кейін пероральді қабылдауға ауысумен ең жоғары дозасы 400 мг/тәулік.

Ұсынылған бастапқы доза 400-800 мг құрайды, ең жоғары тәуліктік доза 1200 мг-ден көп емес. 1200 мг/тәуліктен жоғары дозалар қауіпсіздігі жеткілікті зерттелмеген. Осыған байланысты ондай дозаларды қолдануға болмайды. Демеуші дозаны немесе дозаны түзетуді пациент реакциясына сәйкес жеке белгілеу қажет. Демеуші емдеу әркімге жеке белгіленетін тиімді ең төмен дозада жүргізіледі.

Көбінесе жағымсыз симптомдары бар пациенттерге

Препаратты тәулігіне 50 мг-ден 300 мг дейінгі дозада тағайындау (дәрілік препараттарды тиісті дозада қолдану) ұсынылады. Доза әркімге жеке таңдалады. Оңтайлы доза тәулігіне 100 мг жуық құрайды.

Балалар және жасөспірімдер

Балаларға 18 жасқа дейінгі жыныстық жетілу жасынан бастап амисульприд қолдану тиімділігі мен қауіпсіздігі анықталмаған: шизофрения бар

Решение: N058387

Дата решения: 23.11.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

жасөспірімдерде амисульприд қолдану жөнінде қолжетімді деректер шектеулі. Нәтижесінде, амисульприд 18 жасқа дейінгі жыныстық жетілу жасынан бастап пациенттерде пайдалануға ұсынылмайды. Амисульприд 15 жасқа толмаған балаларға, оның қауіпсіздігі айқындалмағандықтан, қарсы көрсетілімді.

Егде жастағы пациенттер

Амисульприд қауіпсіздігі егде жастағы пациенттердің шектеулі санында бағаланды. Пациенттердің осы тобында дәрілік препаратты, гипотензия қаупі және тыныштану әсері себебінен ерекше сақтықпен пайдалану керек. Бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде дозаны азайту қажет болуы мүмкін.

Бүйрек функциясының бұзылуы

Амисульприд шығарылуы бүйрекпен жүзеге асатындықтан, бүйрек функциясының бұзылуында креатинин клиренсі 30-60 мл/мин болатын пациенттерде тәуліктік дозаны жартылай, ал креатинин клиренсі 10-30 мл/мин пациенттерде үштен біріне дейін азайту керек.

Амисульпридті бүйрек жеткіліксіздігі ауыр (креатинин клиренсі < 10 мл/мин) пациенттерге қолдануға қатысты деректер жеткіліксіздігіне байланысты, осындай пациенттердің жай-күйіне мұқият мониторинг өткізу ұсынылады.

Бауыр функциясының бұзылуы

Препарат организмде әлсіз метаболизденетіндіктен, бауыр функциясының бұзылуында оның дозасын төмендету қажет емес.

Енгізу әдісі және жолы

Ішке қабылдау үшін.

Қабылдау уақытының көрсетілуімен қолдану жиілігі

Егер тәуліктік доза 400 мг-ден аспаса, Солерон препаратын тәулігіне бір рет қабылдау керек. 400 мг-ден көп дозаны тәулігіне 2 қабылдауға бөлу керек.

Артық дозалану жағдайында қабылдау қажет болатын шаралар

Қазіргі сәтте амисульпридтің жедел артық дозалануына қатысты деректер жеткіліксіз. Препараттың бас айналу, ұйқышылдық, тыныштану әсері, артериялық гипотензия, экстрапирамидалық симптомдар, кома сияқты белгілі фармакологиялық әсерлері күшеюі мүмкін. Амисульпридті қолдану кезінде көбінесе басқа психотропты дәрілермен бір мезгілде қолдану кезінде өлімге ұшырататын жағдайлар жөнінде хабарламалар болды. Спецификалық антидот жоқ.

Жедел артық дозалану кезінде пациенттің жай-күйі толық қалыпқа түскенше демеуші ем, организмнің өмірлік маңызды функцияларына

Решение: N058387

Дата решения: 23.11.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

мониторинг өткізу, әсіресе, ЭКГ бақылауы көрсетілген. Айқын экстрапирамидалық симптомдар пайда болғанда антихолинергиялық дәрілер тағайындалады. Гемодиализ тиімсіз.

Тоқтату симптомдары қаупінің болуына көрсетілім

Психозға қарсы дәрілердің жоғары дозаларын күрт тоқтатудан кейін тоқтату синдромының жағдайлары баяндалды. Жоғары дозаларда қолданылған антипсихотиктерді күрт тоқтатудан кейін тоқтату симптомдарының, оның ішінде жүрек айну, құсу және ұйқысыздық дамуы сипатталған. Еріктен тыс қозғалыс бұзылуларының (атаксия, дистония, дискинезия сияқты) дамуы мәлімделді. Осыған байланысты амисульприд қабылдауды біртіндеп тоқтату мақсатқа сай болады.

Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін медициналық қызметкер кеңесіне жүгіну жөніндегі нұсқаулар

Дәрілік препаратты қолдану тәсілін түсіндіру үшін дәрігер кеңесіне жүгініңіз.

ДП стандартты қолдану кезінде көрініс беретін жағымсыз реакциялар сипаттамасы және осы жағдайда қабылдау керек шаралар

Өте жиі

- экстрапирамидалық симптомдар (оның ішінде тремор, артериялық гипертензия, гиперсаливация, акатизия, гипокинезия, дискинезия). Осы симптомдардың айқындылығы әдетте орташа, олар паркинсон ауруына қарсы антихолинергиялық ем тағайындалғанда препарат тоқтатпай-ақ ішінара қайтымды. Экстрапирамидалық симптомдардың даму жиілігі препарат дозасына байланысты және препаратты 50-300 мг/тәулік дозада қабылдап жүрген пациенттерде өте төмен көбінесе жағымсыз симптомдарды жою үшін.

Жиі

- күндізгі ұйқышылдық; препаратты тоқтатуды талап етпейтін және паркинсон ауруына қарсы антихолинергиялық дәрілерді қолдану кезіндегі өтпелі жедел дистония (тартылып қалған қисық мойын, окулогирлі криз, тризм)
- ұйқысыздық, үрейлену, ажитация, жыныстық салқындық
- қан сарысуындағы пролактин деңгейінің қайтымды жоғарылауы (препаратты қолдануды тоқтатудан кейін өтетін), ол галакторея, аменорея, гинекомастия, сүт бездерінің ауыруын, эрекция бұзылуын тудыруы мүмкін
- іш қату, жүрек айну, құсу, ауыз кеберсуі

Решение: N058387

Дата решения: 23.11.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

- артериялық гипотензия
- дене салмағының артуы
- анық көрмеу.

Жиі емес

- құрысулар, көбіне тілдің және/немесе беттің мимикалық бұлшықеттерінің еріктен тыс қозғалыстарымен сипатталатын кеш дискинезия, әдетте, препаратты ұзақ уақыт қолдану кезінде дамиды. Паркинсон ауруына қарсы антихолинэргиялық дәрілер осы ретте тиімсіз, олар симптомдардың күшеюін тудыруы мүмкін

- сананың шатасуы
- гипергликемия
- гипертриглицеридемия және гиперхолестеринемия
- брадикардия
- мұрын бітелуі, аспирациялық пневмония (көбінесе басқа антипсихотиктер мен ОЖЖ функциясын бәсеңдететін дәрілерді бір мезгілде қолдану жағдайында)
- гепатоцеллюлярлық зақымдану
- остеопения, остеопороз
- несеп іркілісі
- лейкопения, нейтропения
- артериялық қысым деңгейінің жоғарылауы
- бауыр энзимдерінің, ең алдымен, трансаминазалардың жоғары деңгейлері тіркелді
- аллергиялық реакциялар.

Сирек

- өліммен аяқталуға әкелуі мүмкін қатерлі нейролептикалық синдром
- пролактинома сияқты қатерсіз гипофиз ісігі
- гипонатриемия
- диурезге қарсы гормонның талапқа сай емес секреция синдромы (ДҚГТС)
- QT аралығының ұзаруы, қарыншалар фибрилляциясына және жүректің тоқтап қалуына әкелуі мүмкін *torsades de pointes* сияқты қарыншалық аритмиялар және қарыншалық тахикардия, кенеттен өліммен аяқталу
- ангионевроздық ісіну, есекжем
- агранулоцитоз

Решение: N058387

Дата решения: 23.11.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

- вена тромбозы жағдайлары, оның ішінде кейде өлімге ұшырататын өкпе артериясының эмболиялары, терең веналар тромбозы психозға қарсы дәрілерді қолдану кезінде тіркелді.

Белгісіз

- тынымсыз аяқтар синдромы
- фотосезімталдық реакциялары
- жаңа туған нәрестелердегі тоқтату синдромы
- дене тепе-теңдігін бұзатын қолайсыз әсерлер нәтижесінде құлап қалу.

Жағымсыз дәрілік реакциялар туындағанда медициналық қызметкерге, фармацевтикалық қызметкерге немесе дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, дәрілік препараттарға болатын жағымсыз реакциялар (әсерлер) жөніндегі ақпараттық деректер базасына тікелей хабарласу керек

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

<http://www.ndda.kz>

Қосымша мәліметтер

Дәрілік препараттың құрамы

Бір таблетканың құрамында

белсенді зат – 100 мг немесе 200 мг амисульприд,

қосымша заттар: лактоза моногидраты, микрокристалды целлюлоза, гидроксипропилметилцеллюлоза, натрий кроскармеллозасы, сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы, магний стеараты.

Сыртқы түрінің, иісінің, дәмінің сипаттамасы

Дөңгелек пішінді, екі жақ беті дөңес, сызығы бар ақ немесе ақ дерлік түсті таблеткалар.

Шығарылу түрі және қаптамасы

10 таблеткадан поливинилхлоридті үлбірден және баспалы лакталған алюминий фольгадан жасалған пішінді ұяшықты қаптамаға салады.

3 пішінді ұяшықты қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынады.

Решение: N058387

Дата решения: 23.11.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

Сақтау мерзімі

3 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Сақтау шарттары

Түпнұсқалық қаптамасында, 25 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецепт арқылы.

Өндіруші туралы мәліметтер

«Фарма Старт» ЖШҚ,
Украина, Киев қ., В. Гавел бул., 8
Тел./факс: +380442812333
e-mail: office_ua@acino.swiss

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

«Ацино Украина» ЖШҚ,
Украина, Киев қ., В. Гавел бул., 8
Тел./факс: +380442812333
e-mail: office_ua@acino.swiss

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттар сапасына қатысты шағымдар (ұсыныстар) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы, мекенжайы және байланыс деректері (телефон, электронды пошта)

«Ацино Каз» ЖШС,
Қазақстан, 050047, Алматы қаласы, Бостандық ауданы,
Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 223 үй, 243 т.е.б.
Телефон: 8 (727) 364-56-61
e-mail: PV-KAZ@acino.swiss

Шешімі: N058387

Шешім тіркелген күні: 23.11.2022

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):
Байсеркин Б. С.

Решение: N058387

Дата решения: 23.11.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе

(Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Решение: N058387

Дата решения: 23.11.2022

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) руководителя государственного органа (или уполномоченное лицо): Байсеркин Б. С.

(Комитет медицинского и фармацевтического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан)

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе